

ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы
Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

Өткізілген күні: мамыр айы

Тақырыбы: «Жазғы қауіпсіздік пен денсаулық»

Мақсаты: жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін сақтау, денсаулығын нығайту, шынықтыру шараларын ұйымдастыру және ата-аналарға жазғы демалысты тиімді өткізу бойынша кеңес беру.

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, медбике, тәрбиешілер, ата-аналар

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жаз мезгіліндегі балалар қауіпсіздігі.
2. Балалардың денсаулығын нығайту және шынықтыру шаралары.
3. Әр топ бойынша жазғы жұмыс ерекшеліктері.
4. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру.
5. Ата-аналарға ұсыныстар.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша: Смагулова.А.С.- Балабақша директоры сөз алып, жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін сақтау мәселесіне ерекше тоқталды. Ол жаз айларында балалардың көп уақытын таза ауада өткізетінін айтып, осы кезеңде қауіпсіздік ережелерін сақтау аса маңызды екенін түсіндірді. Ата-аналарға балаларды қараусыз қалдырмау, әсіресе су айдындарының маңында сақ болу қажеттігі ескертілді. Сонымен қатар, балалардың күннің ыстық уақытында ұзақ жүрмеуі, бас киім киюі, жеңіл әрі ыңғайлы киім киюі және жиі су ішуі қажеттігі айтылды. Меңгеруші балалардың терезе, электр құралдары, үшкір заттар, дәрі-дәрмектер сияқты тұрмыстық қауіптерден сақ болуы жөнінде де түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша: Белдикбаева С. - Балабақша медбикесі жазғы сауықтыру және шынықтыру жұмыстары туралы баяндама жасады. Медбике балалардың иммунитетін көтеру үшін таза ауада көбірек серуендеу, қимылды ойындар ұйымдастыру, су процедураларын қолдану пайдалы екенін айтты. Сонымен қатар, дұрыс тамақтану мәселесіне тоқталып, жаз мезгілінде жеміс-жидек, көкөністерді көбірек пайдалану керектігін түсіндірді. Балалардың денсаулығын сақтау үшін күн тәртібін сақтау, уақытылы ұйықтау және жеке бас гигиенасын сақтау қажеттігі ескертілді. Медбике күн өтудің белгілері мен алғашқы көмек көрсету жолдары туралы айтып, ата-аналарға арнайы жадынамалар таратты.

Үшінші мәселе бойынша: Әр топтың жазғы жұмыс ерекшеліктері

Кіші топ бойынша: Уалиева.А-

Кіші топ тәрбиешісі балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қауіпсіздік жұмыстары күнделікті бақылауда болатынын айтты.

Балалардың жаз мезгілінде:

- құммен қауіпсіз ойнауы;
- ауызға бөгде зат салмауы;
- күн астында ұзақ жүрмеуі;
- су ішуді ұмытпауы қадағаланатыны түсіндірілді.

Кіші топ балаларымен көбіне қысқа серуендер, қарапайым қимылды ойындар және су шашпай ойнау сияқты жеңіл ойындар ұйымдастырылатыны айтылды.

Ата-аналарға балаларды ауа райына сай киіндіру, ауыстыратын киім салып беру және жеке бас тазалығына көңіл бөлу ұсынылды.

Ортаңғы топ бойынша: Аманшалова.А-

Ортаңғы топ тәрбиешісі балалардың танымдық қызығушылығы артатын кезең екенін айтып, жаз мезгілінде табиғатты бақылау, тәжірибелік жұмыстар, қимылды ойындар көбірек ұйымдастырылатынын түсіндірді. Балалармен:

- гүлдерді суару;
- құммен құрылыс жасау;
- табиғатты бақылау;
- ұлттық және спорттық ойындар өткізу жоспарланғаны айтылды.

Сонымен қатар, жолда жүру ережелері, бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, судағы қауіпсіздік туралы түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілетіні айтылды.

Ересек топ бойынша: Сақтағанова.М-

Ересек топ тәрбиешісі балалардың дербестігі арта түсетінін айтып, осыған байланысты жауапкершілікке тәрбиелеу жұмыстары күшейтілетінін баяндады.

Балалармен:

- спорттық эстафеталар;
- қауіпсіздік ойындары;
- экологиялық акциялар;
- еңбек әрекеттері ұйымдастырылатыны түсіндірілді.

Балаларға төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер, өрт қауіпсіздігі, суда өзін ұстау ережелері туралы практикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілетіні айтылды.

Ата-аналарға балалардың көшеде жалғыз жүрмеуін бақылау және велосипед, самокат тепкен кезде қауіпсіздік құралдарын қолдану қажеттігі ескертілді.

Төртінші мәселе бойынша: Әдіскер балалардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастыру мәселесіне тоқталды. Балалардың бос уақытын телефон немесе теледидармен емес, белсенді ойындармен, кітап оқумен, табиғат аясындағы серуендермен өткізу пайдалы екені айтылды. Ата-аналарға балалармен бірге ұлттық ойындар ойнау, табиғатты бақылау, шығармашылық жұмыстар жасау ұсынылды. Сонымен қатар, жаз мезгілінде баланың эмоционалдық жай-күйіне көңіл бөлу қажеттігі айтылды. Ата-аналар балалардың жазғы қауіпсіздігі бойынша сұрақтар қойып, өз пікірлерімен бөлісті. Кейбір ата-аналар балаларды шынықтыру әдістері, дұрыс тамақтандыру және судағы қауіпсіздік туралы кеңестер сұрады. Педагогтер мен медбике ата-аналардың сұрақтарына нақты жауап беріп, практикалық ұсыныстар айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін сақтау шаралары күшейтілсін.
2. Әр топта жас ерекшеліктеріне сай жазғы сауықтыру жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Ата-аналар балаларды қараусыз қалдырмау және жол қауіпсіздігін қатаң бақылауға алсын.
4. Шынықтыру және денсаулық сақтау шаралары тұрақты жүргізілсін.
5. Жазғы серуендер мен ойындар қауіпсіздік талаптарына сай ұйымдастырылсын.
6. Ата-аналармен түсіндіру және кеңес беру жұмыстары жалғастырылсын.

Жиналыс төрайымы: Смагулова А.

Хатшы: Сақтағанова.М